

ҰЛТ БОЛМЫСЫ

Республикалық патриоттық, әдеби-танымдық журнал

№ 3 (68)

НАУРЫЗ 2019



Әбдіжәміл
НҰРПЕЙІСОВ:
"ҚАЗАҚТЫҢ
ЧЕХОВЫ"
4-БЕТ


Қали СӘРСЕНБАЙ:
"ЖАЗУШЫНЫҢ
ЖҮРЕГІ"
16-БЕТ

Сүлеймен
ШАТҒАН:
"БҰЛТСЫЗ КҮНГІ
НАЙЗАҒАЙ"
12-БЕТ

Рахымжан
ОТАРБАЕВ:
"БАС" романы
72-БЕТ

Рахымжан ОТАРБАЕВ:

**«Сіздермен қанаттас өмір
сүргеніме бақыттымын»**



Шархан ҚАЗЫҒҰЛ,
публицист,

ИНДИВИДУУМ»БУНТАРЬ»АТОМ

«Адамның көбі бір сызықпен жүргенді тәуір көретінін өмірден байқау қиын емес. Керек десеңіз, көзге ұрып тұрған әлеуметтік құбылыс. Кісі біткен ұқышты, тәртіпті «пионер» болғысы келеді. Бұл не үрдіс екеніне басым жетпей қойды. Осы тұрғыдан алғанда, біз Рахымжан Отарбаевқа бір «Алла разы болсын» айтуға тиіспіз. Өркениетті бунтарь сол кісідей-ақ болсын. Менің түсінігімде, ол — өмірдің барлық қаймағы бір сызықпен жүрудің аржағында жатқанын түсінген көзі бар қаламгер. Сөз өнерінде тактикалық мақсатыңа жету үшін сұлу торы аттай салиқалы сөз қажет, стратегиялық мақсатыңа жету үшін жеті атанға жүк болатындай оқшау-оқшау ой керек. Рахымжанда осының екеуі де бар. Оны Ұлылық деңгейге көтеріп тұрған осы екі фактор».

Рахымжан жер басып жүргенде «Оңашадағы онлайн ойлар» деп аталатын кітабымда дәл осылай жазғанмын. Былтыр жазда «Сәуле ғұмыр» деген хабарға қатысып отырғанымда жүргізуші жігіт осы абзац туралы сұрақ қойды: «Рахымжан Отарбаев ағаның көзі тірісінде сіз оны «өркениетті бунтарь» деп жазыпсыз. Осыны түсіндіріп бере аласыз ба?».

Жауабым мынау болды: Кез келген қоғамда социум деген болады. Қазақша кестелесек, тобыр. Бұлардың өз ойы жоқ, ел шулап жатқан ертегінің соңынан еріп жүргенді жақсы көреді. Социумға қарама-қарсы индивидуум болады. Олар өте аз. Дей

тұра, ерекше ой иелері. Сол ойларын әлгі тобырдың санасына сыналап кіргізуге талпынады. Айқайламай. Ойбайламай. Дегенмен, ол ойларды тобырдың жуық арада қабылдай қоюы — қияметқайым шаруа. Селк етпейтін қоғамның болашағына ерекше алаңдай білетін индивидуум әбден пісіп-жетілген кезінде өз ойларының орбитасынан асып төгіледі.

Сол уақытта индивидуум қоғамдық санын дүрліктіретін деңгейге көтеріледі. Индивидуумның бұған дейін ешкім айтпаған ойларына қоғам үрке қарай бастайды. Осы процесті бунтарлыққа балауға болады. Рахымжан осы құбылысты өлгенінше өте өркениетті үлгіде көрсетіп кетті. Сондықтан да оны өркениетті бунтарь деп атамасқа амал қалмады.

«Индивидуум» сөзі латыншадан грек тіліне аударылғанда «атом» деген ұғымды білдіретінін жақсы білесіздер. Ал, Демокрит атомдардың бөлінбейтінін және олар мәңгілік, үнемі қозғалыста болатынын дәлелдеп кеткен. Соңғы ғасырларда ғалымдар атомдардың өзара әрекеттесетін теріс және оң зарядталған бөлшектерден тұратынын анықтады. Десе де, атом әлі де бөлінбейтін бөлшек ретінде сақталып қалды.

Физикадан лирикаға ауысайық. Бір анық, Рахымжан — біздің қоғамның апайтөс атомы. Оны енді ешкім бөлшектей алмайды. Бөлшектеймін деп тыртыңдаса да! Демокриттің тілімен айтқанда, Рахымжан — мәңгілік, үнемі қозғалыста.

Көркем шығарма жазғаннан асқан ләззат жоқ. Дегенмен, осы процесс барысында белгілі бір қатып қалған, қасаң ережелерге байландым дегенше, бұл ләззаттан қағылдым дей бер. «Шығармашылық азабы» деген түсінікті қалыптастырған «тәртіпті», «ұқыпты» жазушылар болар деп ойлаймын. Өз-өзіңді қинап кітап жазғаннан Құдай сақтасын. Өзіңді аямасаң да оқырманыңды аяуың керек емес пе?! Өйткені, сенің шыңғырып жазған шығармаңды шыдамына шектеу қоймай оқитын оқырманның не жазығы бар еді?! Рахымжан қиналмай жазатын қаламгер еді. Өкініштісі сол, ол ойында жүрген шығармаларының бәрін өз оқырмандарына бере алмай кетті.

О басында адамдарды ойлануға мифология ерекше әсер еткенін қазір екінің бірі біледі. Одан кейін өнер көкжиегінен романтизм айқын көріне бастады. Бұл ағым адамдардың сезімі мен ақылының арасында алтын көпір болғаны тағы рас. Дей тұра, уақыт өте келе адамдарды ойлауға үйрететін жаңа бағыт керек болды. Жеке тұлғалар енді реализмді ойлап тапты. Соның нәтижесінде адамзат нақты ойлауды үйренді.

Алайда, келе-келе нақты ойлауды үйренген адамды енді реализмнің өзі селк еткізуі қиын жағдайға тап болдық. Дәл осы кезде абстракционизм сахнаға шықты. Осылайша бірден қабылдана қоймайтын өнер адамның өзіндік ойлай білуді үйренуіне жол ашты.

Қазақ драматургиясына осы абстракционизмді алып келген Рахымжан Отарбаев екені даусыз. Суреткердің субъективтік көңіл-күйінен туған пьесалары мүңсіз адамның өзін ойландыра алатынына бәс тігемін. Мәселе сол туындыға кіріге алуыңда жатыр. Иә, кірігу — қиын. Кіріге алсаң, миың қозғалысқа түсті дей бер. Суреткер Рахымжанның құдіреттілігі осында жатыр деп ойлаймын.

Соңғы кезде көп қателесетінімді байқап жүрмін. Бұрынғы бір жазбамда қазақ асылдарын өлген соң ғана бағалайтынын тілге тиек етіп едім. Бекер екен. Ендігінің қазағы өлген соң да қадіріңді кемсітуге көшкен сияқты. Әйтпесе, Атырау театрының төңірегіндегі әңгімелерді қалай түсінуге болады?!

Екі рет көңіл қалды. Бірінші рет әлі жетісі де өтіп үлгермеген Рахымжан Отарбаевтың аруағынан қорықпай, «академиялық» атағын тойлап кеткен театрға өкпем қара қазандай болып еді. Не әкетіп бара жатқанын түсінбесек де «тірі театр тіршілігін тоқтатқан ба?!» деп іштен тынғанбыз.

Сол театрды тұғырға көтеріп кеткен Рахымжан екеніне ешкімнің таласы жоқ шығар?! Қай облыстық театрымыз халықаралық фестиваль өткізіп, айды аспанға шығарып еді? Тірісінде бір «Алла разы болсын» айтуға жарамағанымызды былай қойғанда, топырағы кешпей жатып Рахымжанның о дүниедегі жанын өткен жылы жазда тағы жаралап үлгердік.

Алматыдағы гастроль де «қаскүнемдікпен» аяқталды. Сол бір мамырдың мамыражай күні атыраулықтар «Бас» тарту етеді деп барған алматылықтар «актер ауырып қалды» деген желеумен «Мәңгіртті» көріп, мәңгіріп қайтты. Үйлеріне. Логикаға сыймайтын сылтау күлкіңді келтіреді. Қали Сәрсенбай досым айтпақшы, Серке Қожамқұлов баласы қайтқан күні де спектакльде ойнаған жоқ па еді?! Көрерменді сыйламау мен авторды айналып өтуден ләззат алып жүрген кім?! Кімдер?

Рахымжан құрдасым қайтқан күні былай жазыпшын: «Бір кейіпкеріңнің аузымен айтқан сөзің бар еді: «дүние жалған емес, адам — жалған». Бүгін де Құдайдың таңы атты. Дүние сен бардағыдай шыр айналып тұр. Ал, сен жоқсың. Жауыр болған ойлардың орнына тың тұжырым жасаумен алдыңғы планға шыққан сен сөзіңді талқаның таусылып жатып та дәлелдеп тұрсың. Осыдан кейін өзек қалай өртенбейді?! Өршелене өртеп тұрған өзіңсің! Сен бүгін киелі сөздің түрмесінен қашып шықтың. Енді халқың сені біржола аялауға ауысатын болады. Жалған өміріңнен құтылдың, Раха, нағыз өмірің бүгін басталды. Басың сыймай кеткен дүниеге жаның сиятынын біліп кеткеніңді сеземін. Жазушының бұдан асқан жеңісі болмайды. Осы ғана медеу. Әйтпесе, сені халық әлі талай жоқтайды».

Осы сөзім де қате болған сияқты күй кешіп, қатты қапаланғаным бар. Бірақ дәл қазір мынадай ой келіп отыр: Қазіргі өмір сүріп жатқан ұрпақ қателесуі мүмкін. Жорта. Десек те, болашақ ұрпақ қателеспейді. Біз табандап отырып алып, табынғымыз келмеген «Басқа» олар міндетті түрде құлдық ұратыны даусыз. Себебі, оларда біздегідей бақай есеп атымен болмайды. Күйіктің ең жаманы — басқалардың көзінің алдында жүру, бір заманда солармен қатар өмір сүру.

Қайран, Раха-ай, қанаттас өмір сүрген емес, қанаттас өмір сүре алмаған ұрпағыңмен бақытты болатыныңды сезбең-ау?! Сезбеуің мүмкін емес. Сен сезбеген сыр бар ма?! Дей тұрғанмен, оны бізге айтып, абырой таппайтыныңды бәрібір білгендейсің!